«АМИНА И КО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Ару» бөбекжай-балабақшасы
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы,
Астана ауданы, Батыс 2 10Е

Товарищество с ограниченной ответственностью «АМИНА И КО»
яслий сад «Ару»
Актюб.обл., г. Актобе
р. Астана, Батыс 2 10Е

Бұйрық № 9

«29» тамыз 2025 жыл **Ақтөбе қаласы**

«Өндірістік жиналыс құрамын бекіту және жұмысын ұйымдастыру туралы»

Балабақшадағы оқу-тәрбие процесін, әкімшілік-шаруашылық жұмыстарды, санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын, қызметкерлердің еңбек тәртібін және мекеменің жалпы қызметін үйлестіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған өндірістік жиналыстың құрамы төмендегідей бекітілсін:
Төраға:
- Сексенбаева Г. М. – балабақша меңгерушісі.
Хатшы:
- Абиева Қ.
Өндірістік жиналыс мүшелері:
- Адлетова А. – медбике;
- Аманиязова Г. – музыка жетекшісі;
- Ойнарбекова А. – тәрбиеші.

2. Өндірістік жиналыстың негізгі міндеттері:

- Балабақшаның күнделікті жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру;
- Қызметкерлердің еңбек тәртібі мен ішкі тәртіп ережелерінің сақталуын қадағалау;
- Оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру мәселелерін қарастыру;
- Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік шараларының орындалуын бақылау;
- Санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;
- Ас блогының жұмысы мен балалардың тамақтану сапасын бақылау;
- Балабақшаның материалдық-техникалық базасын сақтау және нығайту;
- Қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру және өзара тәжірибе алмасу жұмыстарын ұйымдастыру;
- Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарды жетілдіру;
- Туындаған өндірістік мәселелерді талқылау және шешу жолдарын қарастыру.

3. Өндірістік жиналыс бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өткізіліп, қаралған мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылдансын.

4. Өндірістік жиналыс хатшысы:

- Жиналыстың күн тәртібін рәсімдесін;
- Жиналыс хаттамаларын уақытылы толтырсын;
- Қабылданған шешімдер мен тапсырмалардың орындалуын тіркеп отырсын;
- Хаттамалардың сақталуын қамтамасыз етсін.

5. Өндірістік жиналыс мүшелері өз құзыреті шегінде қаралатын мәселелер бойынша ұсыныстар енгізіп, қабылданған шешімдердің орындалуына атсалыссын.

6. Осы бұйрықпен барлық жауапты қызметкерлер таныстырылып, қол қойдырылсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Меңгеруші: _____ Сексенбаева Г. М.

Бұйрықпен таныстым:
1| Абиева К.
2| Адлетова А.
3| Аманиязова Г.
4| Ойнарбекова А.